

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді мүліктік жалға беру нұсқаулықтарын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының қаулысы 2001 жылғы 7 тамыздағы N 48/5. Павлодар облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 26 қыркүйекте N 888 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Ескерту. Атауына өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамаларын» жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді, соның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру Ережелерін бекіту туралы" N 336 қаулысына сәйкес облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді мүліктік жалға берудің қоса беріліп отырған нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысымен.

2. Қалалар мен аудандардың әкімдері және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың уәкілетті органдары шаруашылық иелену немесе жедел басқару құқығында коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға берген кезде ведомстволық қарамағындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың осы қаулымен бекітілген Нұсқаулық сақтауларын қамтамасыз етсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысымен.

3. Облыс коммуналдық меншік департаменті ұйымдарды беру мен мемлекеттік мекемелердің коммуналдық меншікке жататын мүліктерін сатып алу құқығынсыз жалға немесе сенімді басқаруға беруді реттейтін ережелерді

д а й ы н д а с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Н. Оспановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 7 т а м ы з д а ғ ы

№ 48/5 қаулысымен бекітілді

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді мүліктік жалға беру бойынша Нұсқаулық <*>

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі № 131/3 қаулысымен.

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді, соның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру Ережелерін бекіту туралы" № 336 қаулысына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық кесімдеріне сәйкес дайындалды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді, соның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін, мүліктік жалға берудің ерекшеліктерін р е т т е й д і . < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі № 131/3 қаулысымен.

2. Осы Нұсқаулық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді, соның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру т ә р т і б і н а н ы қ т а й д ы . < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі № 131/3 қаулысымен.

3. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді, соның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру, мына жағдайлардан басқа, тендерлік негізде жүзеге асырылады:

1) облыс әкімдігінің жекелеген қаулылары негізінде жүзеге асырылатын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың стратегиялық маңыздағы объектілерін мүліктік жалға беру;

2) алаңы 15 шаршы метрге дейін, орындарды, баланстық құны төменгі

есептік көрсеткішінен 150-еседен аспайтын құралдар мен оқу орындарын, спорттық мекемелерді, мәдени және бос уақытты өткізу ұйымдарын, сондай-ақ ғылыми ұйымдарды мемлекеттік басқару органдарының ұсынысы бойынша уәкілетті органның жазбаша келісімімен жүзеге асырылатын курстық сабақтар, конференциялар, семинарлар, концерттер мен спорттық іс-шаралар өткізу үшін көп дегенде бір ай мерзімге беру. <*>

Ескерту. 3 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 208/9 қаулысымен ; 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулыларымен .

3-1. Жалға алған мүлікті пайдаланғаны үшін ақшалай ақы төленеді. Жалдау ақысының есептік мөлшері аймақтық жағдайларды ескере отырып анықталады және уәкілетті органның келісімі бойынша жалға беруші бекітеді. <*>

Ескерту. 3-1 тармағымен толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 208/9 қаулысымен .

4. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді, соның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін, мүліктік жалға беру кейіннен сатып алу құқығынсыз жүзеге асырылады.

2. Жалға беруші

5. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді, соның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға берерде, мемлекеттік кәсіпорындар жалға берушілер болып табылады.

6. Коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық иелігіндегі мүлікті мүліктік жалға үш жылға дейін мерзімге беру туралы шешімді кәсіпорын өз бетімен қабылдай алады .

Кәсіпорын коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық иелігіндегі мүлікті, сол сияқты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы мүлікті мүліктік жалға үш жылдан артық мерзімге беруді мемлекеттік басқару органымен келістіргеннен кейін және уәкілетті органның жазбаша келісімінен кейін іске асыра алады . <*>

Ескерту. 6 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 208/9 қаулысымен .

7. Жалға беруші мына функцияларды атқарады:

1) мүлікті мүліктік жалға беру туралы, тендер өткізу туралы шешімдерді қабылдайды ;

2) тендердің өту мерзімі мен өту орнын, оның шарттарын, сол сияқты тендер жеңімпазын таңдаудың өлшемдерін анықтайды;

- 3) тендер құжаттамасын бекітеді;
- 4) тендерлік комиссияны қалыптастырады;
- 5) кепілдік жарналарды қабылдайды;
- 6) тендерлік комиссия мәжілістерінің хаттамаларын бекітеді;
- 7) тендер жеңімпазымен мүлктік жал шартын жасасуды қамтамасыз етеді;
- 8) заңдық кесімдермен бекітілген кейбір жағдайлардан басқа, тендер аяқталысымен, оған қатысушылардың кепілдік жарналарын қайтарып береді;
- 9) тендер өткізуге қажет басқа да қызметтер.

8. Тендерлік комиссия тендерді ұйымдастырушысы болып табылады немесе жалға беруші тендер ұйымдастырушысын өзі анықтайды.

9. Тендерлік комиссия жалға берушінің және уәкілетті органның өкілдерінен құралады. Тендерлік комиссияның құрамына сондай-ақ жалға берушінің мемлекеттік басқару органының өкілдері және өзге де мүдделі ұйымдар қосылуы мүмкін.

< * >

Ескерту. 9 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 208/9 қаулысымен.

10. Тендерлік комиссия мына қызметтерді атқарады:

1) тендерлік құжаттамаларды және басқа тендерді жариялау үшін қажетті құжаттарды дайындайды;

2) тендерге қатысушыларды тендерлік құжаттамамен және тендер объектісімен таныстырады;

3) тендердің өтуі жөнінде хабарлама жариялайды;

4) қабылдау жүргізеді, түскен өтінімдерді тіркейді және сақтайды;

5) қабылдаудың және өтінімдерді тіркеудің аяқталғаны жөнінде хаттама дайындайды;

6) тендерлік және басқа да қажетті құжаттамаларды дайындау, өтінімдерді жинау мен талдау жұмыстарының барысында қажет жағдайда мамандар мен сарапшыларды қатыстырады;

7) тендер жеңімпазын анықтайтын қорытындысы бар немесе тендер нәтижесі бойынша басқа шешімдері бар тендерлік комиссия мәжілісінің хаттамасын ресімдейді.

11. Тендерлік комиссияның шешімдері комиссия мүшелерінің дауыс беруі арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, тендерлік комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

12. Тендерлік комиссияның мәжілісі тендерлік комиссия мүшелерінің кем дегенде 2/3 қатысқан уақытта құқықты болып есептеледі.

13. Тендер ұйымдастырушысы жалға беруші анықтаған жағдайда ол тендерлік комиссия қызметінің осы Нұсқаулықтың 10 тармағындағы 1), 2), 3) және 6) тармақшаларында көрсетілген бөліктерін орындайды. <*>

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысымен.

3. Тендерлік құжаттама

14. Тендерлік құжаттаманы дайындаудың нақты тәртібін, құрамы мен шарттарын жалға беруші анықтайды.

15. Тендерді ұйымдастырушы тендердің өтуіне 15 күннен кем емес уақыт қалғанда қазақ және орыс тіліндегі облыстық ресми баспаларда тендердің өтуіне туралы хабарламаны жариялауды қамтамасыз етуі керек.

16. Тендердің өтуі туралы хабарламада мыналар көрсетіледі:

- 1) жалға берушінің аты;
- 2) мүліктік жалға берудің мерзімі туралы ақпарат және жалдау ақысының бастапқы мөлшерлемесі көлемінде (осы Ереженің 3-1 тармағына сәйкес жалға беруші бекіткен есептік көрсеткіштен кем болмайтын); <*>
- 3) тендердің шарты мен жеңімпазды таңдау өлшемдері жөніндегі ақпарат;
- 4) тендер объектісіне қысқаша мінездеме;
- 5) тендерге қатысуды ресімдеудің тәртібі туралы мәліметтер;
- 6) тендерге қатысу үшін қажет құжаттардың тізбесі;
- 7) мүліктік жалдау келісімін жасасу мерзімі туралы ақпарат;
- 8) мекенжай, тендерлік құжаттарды алу шарты мен мерзімі және тендер объектісімен танысқаны туралы мәлімет;
- 9) тендердің өту орны, уақыты және күні туралы мәлімет;
- 10) өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу уақыты, мерзімі.

Ескерту. 16 тармақтың 2) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 208/9 қаулысымен .

17. Тендерлік құжаттама тендерге қатысушының жазбаша сұранымы бойынша тендерлік комиссия анықтаған тәртіпте толық жинақпен беріледі.

18. Тендерлік құжаттама мына негізгі бөлімдерден тұруы керек:

- 1) тендер объектісі туралы мәлімет;
- 2) өтінімнің мазмұны бойынша және онымен бірге берілетін құжаттардың т а л а п т а р ы ;
- 3) тендердің өту тәртібі мен шарты туралы мәліметтер;
- 4) тендер жеңімпазын таңдаудың өлшемдері;
- 5) мүліктік жалдау келісімінің жобасы,
- 6) тендерге қатысуы туралы өтінімнің түрі.

4. Тендерге қатысу үшін өтінім

19. Тендерге қатысуға тілек білдірген тұлға тендер объектісін көруге, сол сияқты тендердің шарты мен өту тәртібі туралы ақпарат алуға құқылы.

20. Тендерге қатысуға тілек білдірген тұлға тендерлік комиссияға мына құ ж а т т а р д ы ұ с ы н у ы к е р е к :

- 1) тендерге қатысуына үміткердің келісімі және тендер шарттарын орындау жөніндегі міндеттері, мүліктік жалдау келісімін жасайтыны бар өтінімі;
- 2) нотариалды куәландырылған мемлекеттік тіркеу туралы куәлік пен жарғының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 3) кепілдік жарнаның аударылғанын растайтын төлем тапсыр-масының көшірмесі;
- 4) тендер шарты бойынша өз ұсыныстары (жабық конвертте);
- 5) ақпараттық хабарда көрсетілген басқа да құжаттар.

21. Тендерге қатысу туралы өтінім тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптар мен шарттарға сай болуы керек. Өтінімдер қос бүктелінген конвертте қабылданады. Сыртқы конвертте мыналар болуы керек:

- 1) өтінімнің өзі;
- 2) нотариалды куәландырылған мемлекеттік тіркеу туралы куәлік пен жарғының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 3) кепілдік жарнаның аударылғанын растайтын төлем тапсыр-масының көшірмесі;
- 4) ақпараттық хабарда көрсетілген басқа да құжаттар.

Ішкі конвертте үміткердің өз ұсыныстары болады. Өтінім берілген сәтте ішкі конверт жабық болуы тиіс, оны үміткердің өзі ашады және тендер комиссиясына үміткердің өзі беруіне болады.

22. Өтінім қабылдауда тендерлік комиссия ішкі конверттегіден басқа қажетті құжаттардың барлығын тексереді. Егер құжаттар осы Нұсқаулықтың 21 тармағында көрсетілген талапқа сай болмаса, тендерлік комиссия дәл сол күні оның өтінімін қабылдау мен тіркеуінен бас тарту себебін көрсетіп, жазбаша түрде хабардар етеді. < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысымен.

23. Барлық қажетті құжаттар бар болған жағдайда тендерлік комиссияның өтінімді қабылдау уақытын көрсетіп тіркеуі міндетті. Мұнда ішкі конверт ашылмауы керек.

24. Тендерге қатысамын деп тілек білдірген тұлға өтінім қабылданғаннан кейін, тендерге қатысушы болып есептеледі.

25. Тендерге қатысушы қосымша мәліметтерді тегін алуға, тендерге шығарылған объекті туралы нақтылауға құқықты.

26. Тендерге қатысушыларды тіркеу тендердің өтуі туралы ақпараттық хабардың жариялану күнінен бастап, тендер өтуге қалған бір күннің 17 сағатына дейін созылады. Бұл мерзім аяқталғаннан кейін құжаттар мен өтінімдерді қабылдау доғарылады.

27. Өтінімдерді қабылдау мен тіркеу аяқталған күні тендерлік комиссия

өтінімді қабылдау мен тіркеудің аяқталғаны туралы хаттамаға қол қояды.

Өтінімдерді қабылдау мен тіркеудің аяқталғаны туралы хаттамада мыналар
б о л у ы к е р е к :

- 1) тендер объектісі туралы мәліметтер;
- 2) тіркелген өтінімдердің саны мен тізбесі;
- 3) қайта шақырылған өтінімдердің саны мен тізбесі (олар болған жағдайда).

5. Тендер рәсімі

28. Өтінімнің қабылдау мерзімінің аяқталған уақытына бір өтінімнен (екінші және кейінгі тендерлерді есепке алмағанда) басқаөтінім болмаса, тендер ө т к і з і л м е й д і . < * >

Ескерту. 28 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 208/9 қаулысымен .

29. Тендер өткізілетін күнгі мәжілісте тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерді ашып, бұл ұсыныстардың мазмұнымен таныстырады. Конверттерді ашпас бұрын комиссия олардың бүтіндігін тексереді, бұл тендерлік комиссия мәжілісінің хаттамасында көрсетіледі. Конверттерді ашуда және ұсыныстарды оқығанда тендерге қатысушылар және олардың уәкілетті өкілдері қатысуға құқылы.

30. Тендерлік комиссия айтылған ұсыныстардың тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін тексереді. Егер ұсынылған ұсыныстар бұл талаптарға сай емес болса, олар әрі қарай қарастырылуға жатпайды және мұндай өтінімді тапсырған тұлға тендерге қатысушы мәртебесінен айырылады, бұл тендерлік комиссия мәжілісінің хаттамасында көрсетіледі.

31. Конверттер ашылып және ондағы ұсыныстар оқылғаннан кейін тендерлік комиссия ұсыныстарды талқылау және бағалау үшін кеңесуге кетеді. Тендерге қатысушылар (олардың өкілдері) ұсыныстарды талқылаған және бағалаған кезінде оған қатысып отыруға құқықтары жоқ.

32. Тендер объектісін пайдаланғаны үшін неғұрлым көп ақы төлеген, тендерлік құжаттардағы талаптардың барлығына жауап беретін тендердің басқа да ұсыныстарын орындау жөнінде міндеттеме қабылдаған қатысушы тендер жүлдегері болып табылады.

6. Тендер нәтижелерін ресімдеу

33. Тендер жеңімпазын анықтайтын тендерлік комиссияның қорытындысы, не тендер нәтижелері бойынша басқадай шешім тендерлік комиссияның мүшелері қол қойған және жалға беруші бекіткен хаттамамен ресімделеді.

Сонымен қатар тендер жеңімпазын анықтайтын хаттамаға тендерді жеңіп
а л у ш ы д а қ о л қ о я д ы .

3 4 . Х а т т а м а д а :

- 1) тендер объектісі туралы мәліметтер;

2) тендер жеңімпазы туралы мәліметтер немесе жеңімпаздың болмауының себебін көрсететін тендер нәтижелері бойынша басқадай шешім;

3) жеңімпазды тендерде жеңіске жеткізген жағдайлар көрсетілуі керек.

35. Тендерлік комиссия тендер нәтижелері туралы қатысушыларды жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

36. Тендердің нәтижелері шығарылғаннан кейін жеңімпаз аталмаса қатысушыларға кепілдік жарна қайтарылады.

37. Тендер нәтижелері жөніндегі хаттамаға сай тендер жеңімпазы оның ұсыныстарына сай келетін шарттар негізінде мүліктік жалдау келісімін жасасуға м і н д е т т і .

38. Салынған кепілдік жарнаның сомасы жеңімпазға жасалған мүліктік жалдау келісімі бойынша тендер объектісін пайдалануға төлем ретінде алынады.

39. Тендер жеңімпазының ұсынысына сай келетін шарттар негізінде тендер объектісіне мүліктік жалдау келісімін жасасудан бас тартса, тендер жеңімпазына кепілдік жарна қайтарылмайды.

40. Тендер жеңімпазы өз ұсынысына сай келетін шарттар негізінде тендер объектісін мүліктік жалдау келісімін жасасудан бас тартқан жағдайда жалға беруші жеңімпазды қалған тендерге қатысушылардан (егер қалғандардың саны екіден кем болмаса) анықтауға не жаңа тендер өткізуге шешім қабылдауға құқықты.

7. Мүліктік жалдау келісімінің мазмұны

41. Мүліктік жалдау келісіміне, тендерді өткізу туралы хабарламада көрсетілген мерзімде екі жақ қол қоюлары керек.

42. Мүліктік жалдау келісімінде:

1) мүліктік жалдауға берілетін объектінің техникалық мінездемесі туралы д е р е к т е р ;

2) жалға берілген мүліктің жалдаушыға берілетін мерзімдері туралы м ә л і м е т т е р ;

3) жалданған мүлікті пайдаланғаны үшін төлем төлеу мерзімдері мен реті т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

4) келісімді мерзімнен бұрын бұзу негіздері мен шарттары;

5) мыналарды қарастыратын жалдаушы міндеттемелерінің тізбесі: келісімнің шарттарына сәйкес жалданған объектінің пайдалануы, жалдау құнының келісімде белгіленген мөлшер мен тәртіпте уақытында төленуі;

объектіні тиісті тәртіп бойынша, мемлекеттік инспекторлық қызметтердің талаптарына сәйкес жағдайда, объектінің сыртқы түрін келісім бойынша мақсаттық бағытына сәйкес ұстау, объектіге немесе оның инженерлік коммуникацияларына зиян келтіретін әрекеттерді болдырмау;

жалданған объектіні жеңіл-желпі жөндеуін өткізу, объектінің күрделі

жөндеуіне және оған жататын территорияны өз қаражаттары есебінен көріктендіруге үлестік қатысу;
өз кінәсынан объектіге зиян келген жағдайда өз қаражатынан жөндеу жүргізу;

объектінің және ондағы торап пен коммуникациялардың қайта жоспарлануын, қайта жабдықталуын, күрделі жөнделуін жалға берушінің алдын ала жазған рұқсаты болғанда ғана істеу;

объекті мен оның айналасындағы жер теліміне жалға беру өкілдерінің, ғимаратта жұмыс істеу және пайдалануға беру, анықталған жөнсіздіктерді белгіленген уақытында жою тәртібіне қатысты заңнамалар мен басқа ада нормалардың сақталуын қадағалаушы санитарлық қадағалау және басқа мемлекеттік органдар қызметтерінің кіруі;

объектіні жалға берушінің келісуімен ғана қайта жалға беру; жалданушының құқығы мен міндеттерін мүліктік жалдау келісім шарты бойынша басқа адамға (қайта жалдау) беруіне, сондай-ақ бұл құқықтарды кепілдік ретінде беру мен оларды үлес ретінде шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына немесе өндірістік кооперативтің жарнасына енгізуге тыйым салу;

баланс иесі мен (немесе) қызмет берушілерге коммуналдық қызметтер мен объектіге қызмет көрсету мен ұстап тұру үшін басқа да төлемдер ақысын уақытында өткізу;

объектіні баланс иесіне объектіні мүліктік жалдау мерзімі өткен соң немесе келісім мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сонымен бірге қарыздары мен басқа да міндеттері болмаған жағдайда қалыпты пайдалануға мүмкіндік беретін жағдайда қабылдау-тапсыру кесімі бойынша қайтару туралы жазып көрсетілуі керек.

Жалдау құнына коммуналдық қызметтер ақысы, күрделі жөндеуге арналған аударылымдар, жер телімін жалдау құны, басқа да мүлікке қызмет көрсету және ұстау төлемдері кірмейді. Оларды жалданушы өзі қосымша төлейді.

43. Сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштерін мүліктік жалға берген кезде мүліктік жалдау келісім шартына объектіні сәулет, тарих және мәдениет ескерткіші ретінде сақтауға бағытталған қағида қосымша енгізіледі.

44. Келісім оны жасасқан кездегі қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін келісілген мәмілелердің ерекшеліктерін де көрсетуі мүмкін.

45. Мүліктік жалдау келісімінің шарттары бұзылған болса екі жақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасы мен осы келісімге сәйкес жауап береді.

46. Мемлекеттік мекемелер облыс қаржы департаменті бекіткен нысандар

бойынша тендердің өтуі мен мүлікті жалға беру нәтижелері туралы есепті тоқсан сайын, есептік кезеңнің соңғы айының жиырма бесіне дейін, облыс қаржы департаменті мен мемлекеттік басқару органына ұсынып отырсын. <*>

Ескерту. 46 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 208/9 ; жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулыларымен.

47. Жедел басқару (қазыналық) құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды жалдаудан түскен аударылымдар мемлекеттік басқару органымен бекіткен "Жалдау құны" кіріс көзі бойынша шығындар сметасында қарастырылған сома шеңберінде кәсіпорын кірісіне жіберіледі. Сметаның үстінде алынған кірістер жергілікті бюджетке аударылуы керек. <*>

Ескерту. 47-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысымен.

48. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық иелену құқығында мүлікті жалдаудан алған қаражаты кәсіпорын кірісіне жіберіледі және оны өздері дербес пайдалана алады.

8. Қорытынды қағидалар

49. осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасымен реттеледі. <*>

Ескерту. 49-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысымен.

50. Объектіні мүліктік жалға берген кезде туындаған даулар екі жақтың өзара түсіністігімен немесе Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамада белгіленген тәртіпте қаралатын болады.